

Сот медицинасы саласындағы әкімшілік деректерді жинауға арналған нысандарды және оларды толтыру бойынша түсіндірмелерді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2018 жылғы 17 сәуірдегі № 610 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 27 сәуірде № 16826 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес "Тірі адамдардың (жәбірленушілердің, айыпталушылардың және өзге де тұлғалардың) сот-медициналық сараптамасы бойынша есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысаны;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес "Тірі адамдардың (жәбірленушілердің, айыпталушылардың және өзге де тұлғалардың) сот-медициналық сараптамасы бойынша есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірмесі;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес "Мәйіттердің сот-медициналық сараптамасы бойынша есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысаны;

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес "Мәйіттердің сот-медициналық сараптамасы бойынша есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірмесі;

5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес "Күрделі сараптамалар бойынша есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысаны;

6) осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес "Күрделі сараптамалар бойынша есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірмесі;

7) осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес "Сот-биологиялық (медициналық) сараптамасы бойынша есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысаны;

8) осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес "Сот-биологиялық (медициналық) сараптамасы бойынша есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірмесі;

9) осы бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес "Химиялық-токсикологиялық сараптамасы бойынша есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысаны;

10) осы бұйрыққа 10-қосымшаға сәйкес "Химиялық-токсикологиялық сараптамасы бойынша есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірмесі;

11) осы бұйрыққа 11-қосымшаға сәйкес "Сот-гистологиялық сараптамасы бойынша есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысаны;

12) осы бұйрыққа 12-қосымшаға сәйкес "Сот-гистологиялық сараптамасы бойынша есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірмесі;

13) осы бұйрыққа 13-қосымшаға сәйкес "Медициналық-криминалистикалық сараптамасы бойынша есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысаны;

14) осы бұйрыққа 14-қосымшаға сәйкес "Медициналық-криминалистикалық сараптамасы бойынша есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірмесі;

15) осы бұйрыққа 15-қосымшаға сәйкес "Сот-психиатриялық сараптамасы бойынша есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысаны;

16) осы бұйрыққа 16-қосымшаға сәйкес "Сот-психиатриялық сараптамасы бойынша есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірмесі;

17) осы бұйрыққа 17-қосымшаға сәйкес "Сот-наркологиалық сараптамасы бойынша есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысаны;

18) осы бұйрыққа 18-қосымшаға сәйкес "Сот-наркологиалық сараптамасы бойынша есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірмесі бекітілсін.

2. "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот сараптамалары орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде осы бұйрықтың қағаз және электрондық түрдегі көшірмелерін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Әділет министрінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Әділет министрі

М. Бекетаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Статистика комитетінің төрағасы

_____ Н. Айдапкелов

2018 жылғы " ____ " _____

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2018 жылғы 17 сәуірдегі
№ 610 бұйрығына
1-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Тірі адамдардың (жәбірленушілер мен айыпталушылардың және өзге де тұлғалардың) сот-медициналық сараптамасы бойынша есеп

Есептік кезең 20__ ж. __ тоқсан

Индексі: 1-СМС нысаны

Кезеңділігі: тоқсан сайын, өспелі қорытындымен

Ұсынатын тұлғалар тобы: Сот сараптамалары орталығының аумақтық бөлімшелері,
Сот сараптамалары орталығы

Қайда ұсынылады: Сот сараптамалары орталығына, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне

Тапсыру мерзімі: Сот сараптамалары орталығының аумақтық бөлімшелері Сот сараптамалары орталығына тоқсан сайын келесі есептік кезеңнен кейінгі айдың 10-ы күніне қарай, Сот сараптамалары орталығы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне тоқсан сайын келесі есептік кезеңнен кейінгі айдың 30-ы күніне қарай

Қызмет түрлері	Жолдың №	Сараптамалар саны
1	2	3
Денсаулыққа зиян келуін бағалау - барлығы	1	
оның ішінде:		
денсаулыққа ауыр зиян келтіру	1.1	
орта зиян келтіру	1.2	
жеңіл зиян келтіру	1.3	
денсаулыққа келтірілген зиянды бағалаусыз	1.4	
бұзылулар анықталмаған	1.5	
қорытындылар аяқталмаған	1.6	
Жыныстық жағдайды анықтау (қылмыстар) – барлығы	2	
оның ішінде:		
әйел жынысты тұлғаларда	2.1	
0-14 жасты қоса алғанда қыз балалар	2.1.1	
15 - 17 жасты қоса алғанда қыздар	2.1.2	
18-29 жасты қоса алғанда әйелдер	2.1.3	
еркек жынысты тұлғаларда	2.2	
0-14 жасты қоса алғанда ер балалар	2.2.1	
15 - 17 жасты қоса алғанда бозбалалар	2.2.2	
18-29 жасты қоса алғанда еркектер	2.2.3	

соз аурулары	2.3	
жүктілік, бұрынғы жүктіліктер немесе түсіктер	2.4	
басқалары	2.5	
Анықтау – барлығы	3	
олардың ішінде:		
жасы:	3.1	
тыртық	3.2	
басқалары	3.3	
Барлығы:	4	
Орындаусыз қайтарылған	5	

Ұйымның немесе ұйымның аумақтық бөлімшесінің атауы _____

Директор _____ (Т.А.Ә. қолы)

20__ жылғы " __ " _____ М.О.

Қазақстан Республикасы
 Әділет министрінің
 2018 жылғы 17 сәуірдегі
 № 610 бұйрығына
 2-қосымша

"Тірі адамдардың (жәбірленушілер мен айыпталушылардың және өзге де тұлғалардың) сот-медициналық сараптамасы бойынша есеп" нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1. Осы түсіндірме "Тірі адамдардың (жәбірленушілер мен айыпталушылардың және өзге де тұлғалардың) сот-медициналық сараптамасы бойынша есеп" нысанын (бұдан әрі - Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды анықтайды.

2. Нысанды жүргізудің негізгі мақсаты жәбірленушілер мен айыпталушылардың және өзге де тұлғалардың сот-медициналық сараптамасы туралы деректерді жинақтау болып табылады.

3. Нысанды Жәбірленушілер мен айыпталушылардың және өзге де тұлғалардың сот-медициналық сараптамасы бөлімінің сот-медициналық сарапшысы толтырады.

4. Нысан келесі түрде толтырылады:

1-жолда денсаулыққа зиян келуін бағалау бойынша жүргізілген сот-медициналық сараптамалардың жалпы саны көрсетіледі. Аталған жол өзіне 1.1 – 1.5 жолдарды қосады.

1.1 – 1.3 жолдарда денсаулыққа келген зиянның ауырлығы бойынша бөлу арқылы денсаулыққа зиян келуін бағалау бойынша жүргізілген сот-медициналық сараптамалар көрсетіледі.

1.4-жолда денсаулыққа келтірілген зиянды бағалаусыз жүргізілген сараптамалар көрсетіледі.

1.5-жолда бұзылулар анықталмаған сараптамалар көрсетіледі.

1.6-жолда қорытындылар аяқталмаған сараптамалар көрсетіледі.

2-жолда жыныстық жағдайды (қылмыстар) анықтау бойынша жүргізілген сараптамалардың жалпы саны көрсетіледі. Аталған жол өзіне 2.1 – 2.5 жолдарды қосады.

2.1-жолда әйел жынысты тұлғалардың жыныстық жағдайын (қылмыстар) анықтау бойынша жүргізілген сараптамалардың жалпы саны көрсетіледі. Аталған жол өзіне 2.1.1 – 2.1.3 жолдарды қосады.

2.2-жолда еркек жынысты тұлғалардың жыныстық жағдайын (қылмыстар) анықтау бойынша жүргізілген сараптамалардың жалпы саны көрсетіледі. Аталған жол өзіне 2.2.1 – 2.2.3 жолдарды қосады.

2.3-жолда соз ауруларын анықтау бойынша жүргізілген сараптамалардың жалпы саны көрсетіледі.

2.4-жолда жүктілік, бұрынғы жүктіліктер немесе түсіктерді анықтау бойынша жүргізілген сараптамалардың жалпы саны көрсетіледі.

Жыныстық жағдайды (қылмыстар) анықтау бойынша жүргізілген, жоғарыда аталған топтарға кірмейтін сараптамалар 2.5-жолда көрсетіледі.

3-жол өзіне 3.1, 3.2, 3.3 жолдарды қосады.

3.1-жолда адамның жасын анықтау бойынша жүргізілген сараптамалардың саны көрсетіледі.

3.2-жолда тыртықтарды анықтау бойынша жүргізілген сараптамалардың саны көрсетіледі.

Жағдайды анықтау бойынша жүргізілген жоғарыда аталған топтарға кірмейтін барлық сараптамалар 3.3-жолда көрсетіледі.

4-жолда жүргізілген сараптамалардың жалпы саны көрсетіледі.

5-жолда орындаусыз қайтарылған, тіркелген сараптамалар саны көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2018 жылғы 17 сәуірдегі
№ 610 бұйрығына
3-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Мәйіттердің сот-медициналық сараптамасы бойынша есеп

Есептік кезең 20__ ж. __ тоқсан

Индексі: 2-СМС нысаны

Кезеңділігі: тоқсан сайын, өспелі қорытындымен

Ұсынатын тұлғалар тобы: Сот сараптамалары орталығының аумақтық бөлімшелері,
Сот сараптамалары орталығы

Қайда ұсынылады: Сот сараптамалары орталығына, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне

вирусты инфекциялар	2.2.4							
басқа инфекциялар	2.2.5							
басқалары: кенеттен болған өлім	2.3							
жүктілік, босану және босанудан кейінгі кезеңдегі өлім	2.4							
өлі туғандар	2.5							
Өлім себебі анықталмаған – барлығы	3							
Зерттеуде:								
Шіріткіш өзгерістер	3.1							
Мәйіт қаңқасы	3.2							
Күйдіру	3.3							
Мүшелеу	3.4							
Басқа өзгерістер	3.5							
Барлығы	4							

2-кесте

Түрі	Жолдың №	Сараптамалар саны
Экспуация жасалған мәйіттер	1	
Мәйіт бөліктері	2	
Мәйіт саны	3	
Оның ішінде:		
Анықталмағандар	3.1	
Қажеті болмағандар	3.2	
Анықталған жерден қарастырылғандар	3.3	
Барлығы	4	

Ұйымның немесе ұйымның аумақтық бөлімшесінің атауы _____

Директор _____ (Т.А.Ә. қолы)

20__ жылғы " __ " _____ М.О.

Қазақстан Республикасы
 Әділет министрінің
 2018 жылғы 17 сәуірдегі
 № 610 бұйрығына
 4-қосымша

"Мәйіттердің сот-медициналық сараптамасы бойынша есеп" нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1. Осы түсіндірме "Мәйіттердің сот-медициналық сараптамасы бойынша есеп" нысанын (бұдан әрі - Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды анықтайды.

2. Нысанды жүргізудің негізгі мақсаты мәйіттердің сот-медициналық сараптамасы туралы деректерді жинақтау болып табылады.

3. Нысанды Мәйіттердің сот-медициналық сараптамасы бөлімінің сот-медициналық сарапшысы толтырады.

4. Нысан келесі түрде толтырылады:

5. 1-кестеде:

3-бағанда мәйіттердің сот-медициналық сараптамасының саны өлімнің себебі көрсетілетін 1-бағанға сәйкес көрсетіледі. 3-баған өзіне 4-6 бағандарды қосады.

4, 5, 6-бағандарда 15 жасқа дейінгі балалардың мәйіттерінің сот-медициналық сараптамасының саны көрсетіледі.

7-бағанда мүшелері және тіндері гистологиялық зерттелген мәйіттердің сот-медициналық сараптамасының саны көрсетіледі.

8-бағанда зерттеліп жатқан мәйіттен алкоголь анықталған сот-медициналық сараптамасының саны көрсетіледі.

9-бағанда зерттеліп жатқан мәйіттен нашақорлық заттар анықталған сот-медициналық сараптамасының саны көрсетіледі.

1-жолда зорлықпен өлтірілген жағдайда жүргізілген мәйіттердің сот-медициналық сараптамасының жалпы саны көрсетіледі. Аталған жол өзіне 1.1 – 1.6 жолдарды қосады

2-жолда зорлықсыз өлген жағдайда жүргізілген мәйіттердің сот-медициналық сараптамасының жалпы саны көрсетіледі. Аталған жол өзіне 2.1 – 2.5 жолдарды қосады

3-жолда өлім себебі анықталмаған жағдайда жүргізілген мәйіттердің сот-медициналық сараптамасының жалпы саны көрсетіледі. Аталған жол өзіне 3.1 – 3.5 жолдарды қосады.

4-жолда мәйіттердің сот-медициналық сараптамасының саны бағандарда көрсетілген мәндерге сәйкес көрсетіледі.

Мәйіттердің сот-медициналық сараптамасының қорытынды саны 4-жолдың 3-бағанының торында көрсетіледі.

6. 2-кестеде:

1-жолда эксгумация жасалған мәйіттердің сот-медициналық сараптама саны көрсетіледі.

2-жолда мәйіт бөліктерінің сот-медициналық сараптама саны көрсетіледі.

3-жолда мәйіттердің жалпы саны көрсетіледі.

Аталған жол өзіне 3.1 – 3.3 жолдарды қосады.

4-жолда қорытынды сан көрсетіледі.

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Күрделі сараптамалар бойынша есеп

Есептік кезең 20__ ж. __ тоқсан

Индексі: 3-СМС нысаны

Кезеңділігі: тоқсан сайын, өспелі қорытындымен

Ұсынатын тұлғалар тобы: Сот сараптамалары орталығының аумақтық бөлімшелері,
Сот сараптамалары орталығы

Қайда ұсынылады: Сот сараптамалары орталығына, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне

Тапсыру мерзімі: Сот сараптамалары орталығының аумақтық бөлімшелері Сот сараптамалары орталығына тоқсан сайын келесі есептік кезеңнен кейінгі айдың 10-ы күніне қарай, Сот сараптамалары орталығы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне тоқсан сайын келесі есептік кезеңнен кейінгі айдың 30-ы күніне қарай

Сараптама жүргізудің мақсаты	жолдың №	қосымша	Комиссиялық			Кешенді
			алғашқы	қосымша	қайталама	
1	2	3	4	5	6	7
Жарақат механизмін, өлімнің себебін және кезеңін анықтау	1					
Денсаулыққа зияндысының деңгейін анықтау	2					
Медициналық көмектің дұрыс көрсетілуін анықтау	3					
Барлығын анықтау:	4					
Олардың ішінде:						
Жұмысқа қабілетті	4.1					
Денсаулық жағдайы	4.2					
Жыныстық жағдайы	4.3					
Басқалары	4.4					
Шешімі:	5					
Барлығы:	6					

2-кесте

Тіркелген сараптама саны	Зерттелген және орындалмай қайтарылған сараптама саны	Өткізілген эксгумация саны	Сот отырыстарына және тергеу іс-әрекеттеріне қатысу саны	Рецензияланған сарапшы қорытындыларының саны
1	2	3	4	5

Ұйымның немесе ұйымның аумақтық бөлімшесінің атауы _____

Директор _____ (Т.А.Ә. қолы)

20__ жылғы " __ " _____ М.О.

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2018 жылғы 17 сәуірдегі
№ 610 бұйрығына
6-қосымша

"Күрделі сараптамалар бойынша есеп" нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1. Осы түсіндірме "Күрделі сараптамалар бойынша есеп" нысанын (бұдан әрі - Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды анықтайды.

2. Нысанды жүргізудің негізгі мақсаты Күрделі сараптамалар бөлімінде қылмыстық және азаматтық істер материалдары бойынша қосымша және қайталама сот-медициналық сараптамаларын, сонымен қатар комиссиялық (алғашқы, қосымша, қайталама) және кешенді сот-медициналық сараптамаларын жүргізуі туралы деректерді жинақтау болып табылады.

3. Нысанды Күрделі сараптамалар бөлімінің сот-медициналық сарапшысы толтырады.

4. Нысан келесі түрде толтырылады:

5. 1-кестеде:

1-бағанда жүргізілетін сот-медициналық сараптамасының мақсаты көрсетіледі.

Кестенің жолдарында сараптаманың шешуіне қойған негізгі сұраққа байланысты оның саны көрсетіледі.

5-жолда 3-7 бағандарға сәйкес жүргізілген сот-медициналық сараптаманың жалпы саны көрсетіледі.

6-жолда бөлім бойынша жүргізілген сот-медициналық сараптаманың жалпы саны көрсетіледі.

6. 2-кестеде.

1-бағанда тіркеу журналына сәйкес тіркелген сараптамалардың саны көрсетіледі.

2-бағанда зерттелген және орындалмай қайтарылған сараптама саны көрсетіледі.

3-бағанда өткізілген эксгумация саны көрсетіледі.

4-бағанда сот отырыстарына және тергеу іс-әрекеттеріне қатысу саны көрсетіледі.

5-бағанда рецензияланған сарапшы қорытындыларының саны көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2018 жылғы 17 сәуірдегі
№ 610 бұйрығына
7-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Сот-биологиялық (медициналық) сараптамасы бойынша есеп

Есептік кезең 20__ ж. __ тоқсан

Индексі: 4-СМС нысаны

Кезеңділігі: тоқсан сайын, өспелі қорытындымен

Ұсынатын тұлғалар тобы: Сот сараптамалары орталығының аумақтық бөлімшелері,
Сот сараптамалары орталығы

Қайда ұсынылады: Сот сараптамалары орталығына, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне

Тапсыру мерзімі: Сот сараптамалары орталығының аумақтық бөлімшелері Сот сараптамалары орталығына тоқсан сайын келесі есептік кезеңнен кейінгі айдың 10-ы күніне қарай, Сот сараптамалары орталығы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне тоқсан сайын келесі есептік кезеңнен кейінгі айдың 30-ы күніне қарай

Сараптама түрлері	Жолдың №	Сараптама саны	Саны		
			Заттар	Сипатталған объекті	Зерттелген объекті
1	2	3	4	5	6
Қан	1				
Қан, жұғынды	2				
Жұғынды	3				
Шаш	4				
Бұлшық ет, сүйек	5				
Клетка	6				
Басқалары	7				
Цитологиялық сараптамалар	8				
Барлығы:	9				
Орындаусыз қайтарылған	10				

Ұйымның немесе ұйымның аумақтық бөлімшесінің атауы _____

Директор _____ (Т.А.Ә. қолы)

20__ жылғы " __ " _____ М.О.

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2018 жылғы 17 сәуірдегі
№ 610 бұйрығына
8-қосымша

"Сот-биологиялық (медициналық) сараптамасы бойынша есеп" нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1. Осы түсіндірме "Сот-биологиялық (медициналық) сараптамасы бойынша есеп" нысанын (бұдан әрі - Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды анықтайды.

2. Нысанды жүргізудің негізгі мақсаты заттардың, сипатталған және зерттелген объектілердің сот-биологиялық сараптамасы туралы деректерді жинақтау болып табылады.

3. Нысанды Сот-биологиялық сараптамасы бөлімінің сот-медициналық сарапшысы толтырады.

4. Нысан келесі түрде толтырылады:

1-бағанда сот-биологиялық бөлімде жүргізілген сараптамалардың түрлері 1-8 жолдарға сәйкес көрсетіледі.

3-бағанда жүргізілген сараптамалардың саны көрсетіледі.

4-бағанда зерттеуге ұсынылған заттар саны көрсетіледі.

5-бағанда қылмыс құралында сипатталған объектілер саны көрсетіледі.

6-бағанда әртүрлі әдістермен зерттелген объектілер көрсетіледі.

9-жолда 3, 4, 5, 6 бағандарда 1-8 жолдардың жалпы саны шығарылады.

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2018 жылғы 17 сәуірдегі
№ 610 бұйрығына
9-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Химиялық-токсикологиялық сараптамасы бойынша есеп

Есептік кезең 20__ ж. __ тоқсан

Индексі: 5-СМС нысаны

Кезеңділігі: тоқсан сайын, өспелі қорытындымен

Ұсынатын тұлғалар тобы: Сот сараптамалары орталығының аумақтық бөлімшелері,
Сот сараптамалары орталығы

Қайда ұсынылады: Сот сараптамалары орталығына, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне

Тапсыру мерзімі: Сот сараптамалары орталығының аумақтық бөлімшелері Сот сараптамалары орталығына тоқсан сайын келесі есептік кезеңнен кейінгі айдың 10-ы күніне қарай, Сот сараптамалары орталығы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне тоқсан сайын келесі есептік кезеңнен кейінгі айдың 30-ы күніне қарай

1-кесте

Токсикалық заттар атауы	Жолдың №	Зерттеулер саны	Анықталған қорытындымен зерттеулер саны	Анықталғандар мөлшерінің зерттеулер саны	Алдын – ала зерттеу үлгілер саны (тесттермен)
1	2	3	4	5	6
Этил спирті	1				
"Ұшпалы улар"	2				
Дәрілік заттар, олардың ішінде:	3				
Ұйықтататын	3.1				
психотропты	3.2				

басқалары	3.3			
Нашакорлық заттар:	4			
Басқа психотропты заттар	5			
Көміртектің тотығы	6			
Пестицидтар	7			
Қышқылдар	8			
Сілтілер	9			
"Металды улар"	10			
Басқа токсинды заттар	11			
Зерттеу барысында ұқсастырланбаған заттар	12			
Гистологиялық зерттеу үшін биологиялық материалдың бұзылуы (планктон)	13			
Барлығы:	14			

2-кесте

Сараптама саны	Мәйіт бойынша	Тірі адам бойынша	Келісілген бірліктердің жалпы саны (толық анализдердің)
1	2	3	4

Ұйымның немесе ұйымның аумақтық бөлімшесінің атауы _____

Директор _____ (Т.А.Ә. қолы)

20__ жылғы " __ " _____ М.О.

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2018 жылғы 17 сәуірдегі
№ 610 бұйрығына
10-қосымша

"Химиялық-токсикологиялық сараптамасы бойынша есеп" нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1. Осы түсіндірме "Химиялық-токсикологиялық сараптамасы бойынша есеп" нысанын (бұдан әрі - Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды анықтайды.

2. Нысанды жүргізудің негізгі мақсаты мәйіттен және тірі адамдардан алынған объектілердің санын есепке ала отырып, ұсынылған атауларға сәйкес токсикологиялық заттарды анықтау үшін жүргізілген зерттеулердің саны туралы деректерді жинақтау болып табылады.

3. Нысанды Химиялық-токсикологиялық сараптамасы бөлімінің сот-медициналық сарапшысы толтырады.

4. Нысан келесі түрде толтырылады:

1-кестеде:

1-жолда "Су буымен айыру арқылы заттарды сарапшылық зерттеу жүргізудің әдістемесі" Сот химиялық-токсикологиялық зерттеу түрінің мемлекеттік тізілімінің (27.1 шифр) әдістемесінде көрсетілген тізімге сәйкес, аталған топтың заттарына зерттелген объектілердің саны көрсетіледі.

3.1, 3.2, 3.3 жолдар 3-жолды қосады.

3.1 және 3.2 жолдар қосылмайтын барлық дәрілік заттар 3.3-жолда көрсетіледі және 3-жолды санына қосылады.

Сірке суы 8-жолға "қышқылдар" қосылады.

11-жолда кестенің тізбесіне қосылмаған нитраттар, нитриттер, бром, йод және т.б. сияқты басқа заттарға зерттеудің саны көрсетіледі.

12-жолда химиялық-токсикологиялық зерттеуді жүргізу барысында құрылымын және атауын анықтау мүмкін болып табылмаған зат табылған объектілердің саны көрсетіледі.

5. 2-кестеде тіркеу журналына сәйкес жүргізілген химиялық-токсикологиялық сараптаманың саны көрсетіледі.

Шартты бірліктердің (толық талдаудың) жалпы саны Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2018 жылғы 27 сәуірдегі № 484 бұйрығымен бекітілген, Сот сараптамасы органдарында сот сараптамалары мен зерттеулерді ұйымдастыру және жүргізу қағидаларына 1-қосымшаға сәйкес есептеледі.

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2018 жылғы 17 сәуірдегі
№ 610 бұйрығына
11-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Сот-гистологиялық сараптамасы бойынша есеп

Есептік кезең 20___ ж. __ тоқсан

Индексі: 6-СМС нысаны

Кезеңділігі: тоқсан сайын, өспелі қорытындымен

Ұсынатын тұлғалар тобы: Сот сараптамалары орталығының аумақтық бөлімшелері,
Сот сараптамалары орталығы

Қайда ұсынылады: Сот сараптамалары орталығына, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне

Тапсыру мерзімі: Сот сараптамалары орталығының аумақтық бөлімшелері Сот сараптамалары орталығына тоқсан сайын келесі есептік кезеңнен кейінгі айдың 10-ы күніне қарай, Сот сараптамалары орталығы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне тоқсан сайын келесі есептік кезеңнен кейінгі айдың 30-ы күніне қарай

Сараптама жасау мақсаты				Жалпы саны	

Сараптама саны	Диагнозды анықтау	Диагноздың расталуы	Үдерістің мерзімі өткенін және өмір кезеңін анықтау	Басқа негіздемелер	Жасалған блоктар	Әйнек препараттарын /кесіктерді зерттеу	Мұрағатқа жолданған, тіркелген сараптамалар саны
1	2	3	4	5	6	7	8

Ұйымның немесе ұйымның аумақтық бөлімшесінің атауы _____

Директор _____ (Т.А.Ә. қолы)

20__ жылғы " __ " _____ М.О.

Қазақстан Республикасы
 Әділет министрінің
 2018 жылғы 17 сәуірдегі
 № 610 бұйрығына
 12-қосымша

"Сот-гистологиялық сараптамасы бойынша есеп" нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1. Осы түсіндірме "Сот-гистологиялық сараптамасы бойынша есеп" нысанын (бұдан әрі - Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды анықтайды.

2. Нысанды жүргізудің негізгі мақсаты жалпы бағдардың сот-медициналық сарапшының жолдауымен жүргізілген сот-гистологиялық зерттеулер саны туралы деректерді жинақтау болып табылады.

3. Нысанды Сот-гистологиялық сараптамасы бөлімінің сот-медициналық сарапшысы толтырады.

4. Нысан келесі түрде толтырылады:

1-бағанда материалдарды тіркеу журналына сәйкес жүргізілген сот-гистологиялық сараптамалар саны, мұрағатқа жолданған материалдардың санын қоспай көрсетіледі.

2, 3, 5, бағандар 1-бағанға қосылады.

2-5 бағандарда сараптаманы жүргізудің мақсаты көрсетіледі.

6-бағанда дайындалған блоктардың саны көрсетіледі.

7-бағанда зерттелген шыны препаратдың (кесінді) саны көрсетіледі.

8-бағанда мұрағатқа жолданған, тіркелген сараптамалар саны көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы
 Әділет министрінің
 2018 жылғы 17 сәуірдегі
 № 610 бұйрығына
 13-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Медициналық-криминалистикалық сараптамасы бойынша есеп

Есептік кезең 20__ ж. __ тоқсан

Индексі: 7-СМС нысаны

Кезеңділігі: тоқсан сайын, өспелі қорытындымен

Ұсынатын тұлғалар тобы: Сот сараптамалары орталығының аумақтық бөлімшелері, Сот сараптамалары орталығы

Қайда ұсынылады: Сот сараптамалары орталығына, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне

Тапсыру мерзімі: Сот сараптамалары орталығының аумақтық бөлімшелері Сот сараптамалары орталығына тоқсан сайын келесі есептік кезеңнен кейінгі айдың 10-ы күніне қарай, Сот сараптамалары орталығы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне тоқсан сайын келесі есептік кезеңнен кейінгі айдың 30-ы күніне қарай

Сараптама түрлері	Жолдың №	Саны		
		сараптамалар	объектілер	зерттеулер
1	2	3	4	5
Өткір заттармен келтірілген жарақат	1			
олардың ішінде:				
-шаншылықты-кескіш	1.1			
-кескіш	1.2			
-шанышқылы	1.3			
-аралағыш	1.4			
-жарғыш	1.5			
Өткір емес заттармен келтірілген жарақат	2			
Оқ тиген жарақат	3			
Жарылыс жарақаты	4			
Тұлғаны сәйкестендіру	5			
Көліктік жарақат	6			
Құрамдастырылған жарақат	7			
Басқа (көрсету)	8			
Барлығы	9			
Орындаусыз қайтарылған	10			

Ұйымның немесе ұйымның аумақтық бөлімшесінің атауы _____

Директор _____ (Т.А.Ә. қолы)

20__ жылғы " __ " _____ М.О.

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2018 жылғы 17 сәуірдегі
№ 610 бұйрығына
14-қосымша

"Медициналық-криминалистикалық сараптамасы бойынша есеп" нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1. Осы түсіндірме "Медициналық-криминалистикалық сараптамасы бойынша есеп" нысанын (бұдан әрі - Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды анықтайды.

2. Нысанды жүргізудің негізгі мақсаты жүргізілген медициналық-криминалистикалық сараптамалар саны туралы деректерді олардың ерекшеліктеріне сәйкес жинақтау болып табылады.

3. Нысанды Медициналық-криминалистикалық сараптамасы бөлімінің сот-медициналық сарапшысы толтырады.

4. Нысан келесі түрде толтырылады:

1, 2 және 3 жолдарда жарақаттанудың кез-келген құралы (зат) арқылы іздердің қалыптасу механизмі анықталған микробөлшектерді олардың физикалық, химиялық немесе өзге қасиеттері бойынша сәйкестендіру мақсатында жүргізілген сараптамалардың саны көрсетіледі, сондай-ақ жәбірленушінің денесі және киімінің зақымдалған аумағының металдану табиғатын әр түрлі әдістермен анықтау, оның ішінде түсті іздер, эмиссиялық спектроскопия (дербес спектральды зертхананың болмау жағдайында) және тағы басқа әдістермен анықтау.

4-жолда нақты жарақаттандыру заттарын сәйкестендіру және дифференциациялау жүргізілген сараптамалардың саны көрсетіледі.

5-жолда адамды сәйкестендіру мақсатында: белгісіз аурулар, балалар және басқа танылмаған адамдар, танылмаған мәйіттер, мәйіттердің бөлек бөлшектері, қаңқаға айналған сүйектері, бөлек бөлшектері, сүйектің бөлшектері, өртенген сүйектер, күлге айналған сүйектер, беттің жұмсақ тінін және қолдың білезігінің папиллярлы өрнектерін қалыптастыру, жүргізілген сараптамалар (зерттеулер) саны көрсетіледі.

6-жолда дифференциациялау аталған жарақаттанудың түріне жататын сараптамалар саны көрсетіледі.

7-жолда бірнеше жарақатты қосатын сараптамалар саны көрсетіледі.

8-жолда өзінің ерекшелігіне байланысты жоғарыда аталған сараптамалардың түріне жатқызуға болмайтын сараптамалар саны көрсетіледі.

9-жол 1-8 жолдардың қосындысын құрайды.

10-жолда тіркелген, орындаусыз қайтарылған сараптамалар саны көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2018 жылғы 17 сәуірдегі
№ 610 бұйрығына
15-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Сот-психиатриялық сараптамасы бойынша есеп

Есептік кезең 20__ ж. __ тоқсан

Индексі: 8-СМС нысаны

Кезеңділігі: тоқсан сайын, өспелі қорытындымен

Ұсынатын тұлғалар тобы: Сот сараптамалары орталығының аумақтық бөлімшелері, Сот сараптамалары орталығы

Қайда ұсынылады: Сот сараптамалары орталығына, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне

Тапсыру мерзімі: Сот сараптамалары орталығының аумақтық бөлімшелері Сот сараптамалары орталығына тоқсан сайын келесі есептік кезеңнен кейінгі айдың 10-ы күніне қарай, Сот сараптамалары орталығы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне тоқсан сайын келесі есептік кезеңнен кейінгі айдың 30-ы күніне қарай

1-кесте

Сараптамадан өтуші тұлғалар	№	Сараптама саны	оның ішінде	
			амбулаторлы	стационарлы
1	2	3	4	5
Күдікті, айыпталушы, сотталушы	1			
Куәгер мен жәбірленуші	2			
Азаматтық істер бойынша сараптамадан өткен тұлғалар	3			
Барлығы	4			
Құжаттар сараптамасы (қайтыс болғандар)	5			

2-кесте

Аурулардың атауы	Жолдың №	X қайта караудың ХАЖ бойынша шифры
1	2	3
Психикалық және мінез-құлықтық бұзылыстар	1	F00-F99
Органикалық психикалық бұзылыстар, симптоматикалық бұзылыстарды қоса алғанда	1.1	F00-F09
Алкоголь қабылдаудың салдарынан психиканың және мінез-құлықтың бұзылыстары	1.2	F10
Есірткі және басқа психоактивті заттар қабылдаудың салдарынан психиканың және мінез-құлықтың бұзылыстары	1.3	F11-F16
Шизофрения, шизофрения тәрізді сандырақтық бұзылулар	1.4	F20-29
оның ішінде:		
шизофрения	1.4.1	F20
Жедел және транзиторлы психотикалық бұзылыстар	1.5	F23
Депрессивті эпизод	1.6	F32
Стреспен байланысты невротикалық бұзылыстар және соматоформды бұзылыстар	1.7	F40-F48
Ересектердегі кәмелеттік және мінез-құлықтық бұзылыстар	1.8	F60-F68
Ақыл-ес кемістігі	1.9	F70-F79
Анықталмаған психикалық бұзылыстар	2	
Психикалық дені сау деп табылғандар	3	
Сараптамадан өткен адамдардың жалпы саны	4	

кестенің жалғасы

Күдікті, айыпталушы және сотталушы сараптамасы			
--	--	--	--

Сараптамадан өткендер	Ессіз деп танылғандар	Психиатриялық ауруханада мәжбүрлеп емдеу (бөлімшелер) (5-бағанадан)			Психиатрдың бақылауында амбулаториялы емделу	Азаматтық істер сараптамасы	
		Жалпы түрлі	Арнайы түрлі	Арнайы түрлі қарқынды (қатаң) бақылауымен		сараптамадан өткендер	Әрекетке қабілетсіз деп танылғандар
4	5	6	7	8	9	10	11

Ұйымның немесе ұйымның аумақтық бөлімшесінің атауы _____

Директор _____ (Т.А.Ә. қолы)

20__ жылғы " __ " _____ М.О.

Қазақстан Республикасы
 Әділет министрінің
 2018 жылғы 17 сәуірдегі
 № 610 бұйрығына
 16-қосымша

"Сот-психиатриялық сараптамасы бойынша есеп" нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1. Осы түсіндірме "Сот-психиатриялық сараптамасы бойынша есеп" нысанын (бұдан әрі - Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды анықтайды.

2. Нысанды жүргізудің негізгі мақсаты жүргізілген Сот-психиатриялық сараптамалар саны туралы деректерді олардың ерекшеліктеріне сәйкес жинақтау болып табылады.

3. Нысанды Сот-психиатриялық сараптамасы бөлімінің сот-психиатриялық сарапшысы толтырады.

4. Нысан келесі түрде толтырылады:

5. 1-кестеде:

1-3 жолдарда сараптамадан өтуші тұлғалар туралы ақпарат көрсетіледі: күдікті, айыпталушы, сотталушы – 1-жол, куәгер мен жәбірленуші – 2-жол, азаматтық істер бойынша сараптамадан өткен тұлғалар – 3-жол.

4-жолда 1-3 жолдар қосылады.

5-жолда қайтыс болған адамдардың құжаттары сараптамасының саны көрсетіледі.

3-бағанда сараптамалардың саны көрсетіледі.

Ескерту: 1-кестеде сараптамадан өткен тұлғалардың саны емес, жүргізілген сараптамалардың саны көрсетіледі, осыған байланысты сараптамадан өткен бір тұлға туралы ақпарат бірнеше рет көрсетілуі мүмкін.

6. 2-кестеде:

1-жолда психикалық және мінез-құлықтық бұзылыстар анықталған сараптамадан өткен тұлғалар туралы ақпарат көрсетіледі.

1-жолда 1.1-1.9-жолдар қосылады.

2-жолда клиникалық көріністің анық болмауына, істің қажет материалдарының болмауы, сараптамадан өтуші тұлғаның сырқатты, жиі реактивті жағдайына байланысты қорытынды шығарылмаған жағдайлар көрсетіледі.

4-жолда сараптаманың жалпы саны көрсетіледі.

4-жолда 1, 2, 3 жолдар қосылады.

3-бағанда аурудың оныншы қайта қараудың Халықаралық аурулар жүйесі бойынша шифры көрсетіледі.

4-11 бағандарда жүргізілген сараптамалардың нәтижесі көрсетіледі.

5- бағанда ессіз деп танылғандар туралы ақпарат көрсетіледі.

6-9 бағандарда ессіз деп танылған тұлғаларға ұсынылған медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары көрсетіледі.

10-11 бағандарда азаматтық істер бойынша жүргізілген сараптамалар туралы ақпарат көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2018 жылғы 17 сәуірдегі
№ 610 бұйрығына
17-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Сот-наркологиалық сараптамасы бойынша есеп

Есептік кезең 20__ ж. __ тоқсан

Индексі: 8-СМС нысаны

Кезеңділігі: тоқсан сайын, өспелі қорытындымен

Ұсынатын тұлғалар тобы: Сот сараптамалары орталығының аумақтық бөлімшелері,
Сот сараптамалары орталығы

Қайда ұсынылады: Сот сараптамалары орталығына, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне

Тапсыру мерзімі: Сот сараптамалары орталығының аумақтық бөлімшелері Сот сараптамалары орталығына тоқсан сайын келесі есептік кезеңнен кейінгі айдың 10-ы күніне қарай, Сот сараптамалары орталығы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне тоқсан сайын келесі есептік кезеңнен кейінгі айдың 30-ы күніне қарай

Аурулардың атаулары	Жолдың №	X қайта караудың X A Ж бойынша шифры	Мас күйін анықтау үшін куәландыруға қатысушылар саны
1	2	3	4
Сараптамадан немесе куәландырудан өткендер, барлығы	1		
Барлық өткендердің ішінен психикалық белсенді затты пайдаланудан және мас болу жағдайынан туындаған психикалық және мінез-құлықтық бұзылулардың диагноздары қойылған	2	F10-F19	
алкоголь тұтыну салдарынан	2.1	F10	
есірткі тұтыну салдарынан	2.2	F11-F19	
олардың ішінде:алкоголь тұтыну салдарынан болған әйелдерде	2.1.1	F10	
есірткі тұтыну салдарынан болғанәйелдерде	2.2.1	F11-19	

кестенің жалғасы

Сот-наркологиалық сараптама					
Мәжбүрлеп емдеуге жіберу үшін сараптамадан өткен тұлғалар саны		Тергеуде жүрген және сотқа тартылғандарды сараптаудан өткізу		Азаматтық іс бойынша сараптау	
"Алкоголизмге, нашақорлық пен уытқұмарлық дертіне шалдыққан ауруларды еріксіз емдеу туралы" ҚР Заңы негізінде		ҚР ҚК 91-бабына сәйкес		ҚР АПК 291-293-баптарына сәйкес	
сараптамадан өтті	мәжбүрлеп емдеуге ұсыныс жасалды	сараптамадан өтті	мәжбүрлеп емдеуге ұсыныс жасалды	сараптамадан өтті	мәжбүрлеп емдеуге ұсыныс жасалды
5	6	7	8	9	10

Ұйымның немесе ұйымның аумақтық бөлімшесінің атауы _____

Директор _____ (Т.А.Ә. қолы)

20__ жылғы " __ " _____ М.О.

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің

"Сот-наркологиалық сараптамасы бойынша есеп" нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1. Осы түсіндірме "Сот-наркологиалық сараптамасы бойынша есеп" нысанын (бұдан әрі - Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды анықтайды.

2. Нысанды жүргізудің негізгі мақсаты жүргізілген Сот-наркологиалық сараптамалар саны туралы деректерді олардың ерекшеліктеріне сәйкес жинақтау болып табылады.

3. Нысанды Сот-наркологиалық сараптамасы бөлімінің сот-наркологиалық сарапшысы толтырады.

4. Нысан келесі түрде толтырылады:

1-жолда сараптамадан немесе куәландырудан өтуші тұлғалардың жалпы саны көрсетіледі.

2-жолда психикалық белсенді затты пайданалудан және мас болу жағдайынан туындаған психикалық және мінез-құлықтық бұзылулары бойынша диагноздар қойылған тұлғалардың саны көрсетіледі.

2-жолда 2.1 және 2.2 жолдар қосылады.